

## "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына қауымдық сервитут белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Қарасу ауданы Октябрь ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 7 қарашадағы № 5 шешімі. Жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы Октябрь ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 20 ақпандағы № 2 шешімімен

**Ескерту. Жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы Октябрь ауылдық округі әкімінің 20.02.2024 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабы 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Қарасу ауданы Октябрь ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына "Қостанай облысы, B2G сегменті үшін ТОВЖ құрылысы" объектісі бойынша талшықты-оптикалық байланыс желісін төсеу, қызмет көрсету және пайдалану мақсатында Қарасу ауданы Октябрь ауылдық округі Октябрь ауылының аумағында орналасқан жалпы көлемі 3,675 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қарасу ауданы Октябрь ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімге қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қарасу ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Октябрь ауылдық округінің әкімі*

*Н. Карашев*

